www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№52 /sársenbi/ 24 jeltoqsan 2025 jyl

**ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

Құрметті **«Айғақ»** газетінің сүйікті оқырмандары! Басылымның келесі жаңа жылдың алғашқы саны 2026 жылдың 14 қаңтары күні шығатынын хабарлаймыз!

***Жаңа Жыл жаңа толағай табыстарға толы болсын!***

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ:

# «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ЖАПОНИЯ» ДИАЛОГЫНЫҢ БІРІНШІ САММИТІ



**Мемлекет басшысы ғылыми-техникалық және технологиялық прогресте көш бастап келе жатқан Жапонияның әлемдік экономикадағы жетістіктеріне назар аударды. Сондай-ақ жан-жақты халықаралық ынтымақтастық орнатуда зор әлеуетке ие Орталық Азия дамудың даңғыл жолына түскенін атап өтті.**

Президент Қазақстан Жапониямен бірлескен жобаларды табысты жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайды жасауға, қолайлы инвестициялық орта қалыптастыруға дайын екенін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-жапон ықпалдастығының перспективті бағыттарына тоқталды.

Президенттің Жапонияға сапары аясында сомасы 3,7 миллиард доллардан асатын 60-тан астам екіжақты құжатқа қол қойылды

«Сауда-экономикалық және инвестициялық байланысты жандандыруға баса мән беру қажет.

Былтыр өзара сауданың көлемі шамамен 2 миллиард долларға жетті.

Қазақстан Жапония нарығына уран, сирек кездесетін металдар және мұнай жеткізеді.

Жапония – Қазақстан экономикасының негізгі инвесторларының бірі. Оның елімізге құйған қаржы көлемі 8,5 миллиард доллардан асты.

Қазақстан ұзақ уақыттан бері ірі жапон корпорацияларымен табысты қарым-қатынас орнатты. Біз елімізде еңбек етіп жатқан Жапонияның шағын және орта компанияларының қызметіне қолдау көрсетіп келеміз.

«Орталық Азия – Жапония» форматындағы бизнес форумында екіжақты байланыстарды жандандырып, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыруда қажетті уағдаластықтарға қол жеткізетінімізге сенімдімін.

Жапонияға сапарымның аясында 60-тан астам екіжақты құжатқа қол қойылды. Оның ішінде сомасы 3,7 миллиард доллардан асатын коммерциялық келісімдер де бар».

Мемлекет басшысы Жапония Үкіметінің Ақтау портындағы кедендік рәсімдерді жетілдіруге атсалысу туралы шешімін құптады

«Орталық Азияның Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы негізгі сауда жолдарын тоғыстыратын көлік-логистика саласы Жапония үшін тың мүмкіндіктерге жол ашады.

Азия мен Еуропа бағытында құрлық жолымен тасымалданатын жүктің 80 пайыздан астамы Қазақстан арқылы өтеді.

Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыту айрықша маңызды.

Жапон Үкіметі Каспий теңізінің Ақтау портындағы кедендік рәсімдерді жетілдіруге атсалысуға ниетті. Біз бұл шешімді құптаймыз.

Жапония компаниялары алдағы уақытта Орта дәліздің теміржол, порт, автокөлік және логистика инфрақұрылымын ілгерілетуге үлес қосса, баршамызға пайдалы болмақ».

Президент: «Қазақстан дәстүрлі қуат көзін игеру және өңдеу жобаларына жапон тәжірибесін, инновациясы мен инвестициясын тартуға мүдделі»

«Таза» энергетиканың дамуын ұзақ мерзімді стратегиялық басымдық ретінде қарастырамыз.

Еліміз «жасыл» технологияларды қолдана отырып, дәстүрлі қуат көзін игеру және өңдеу жобаларына жапон тәжірибесін, инновациясы мен инвестициясын тартуға мүдделі.

Геосаяси тұрақсыздық пен қуат көздеріне сұраныс үдайы артып келе жатқан жағдайда әлем экономикасының орнықты дамуын қамтамасыз ететін көмірсутегі ресурстары айрықша маңызға ие.

Біз теңгерімді әрі әділ энергетикалық жүйеге ауысу қажет деген ұстанымды қолдаймыз.

Қазақстан көмір өндірісі бойынша әлемдегі он үздік елдің қатарына кіреді. Көмір еліміздің энергетикалық балансының шамамен 70 пайызын құрайды.

Сондықтан осы табиғи байлығымызды қуатты энергия көзі ретінде пайдалану үшін ең озық технологияларды тартуға бейілміз.».

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстанның ресурс әлеуетін Жапонияның атом энергетикасы саласындағы үздік технологияларымен ұштастыру тың мүмкіндіктерге жол ашады»

«Ядролық энергетиканың «жасыл» экономика күн тәртібіндегі мәні зор.

Әлемдегі ядролық отынның шамамен 40 пайызын Қазақстан қамтамасыз етеді. Дүние жүзіндегі электр энергиясының 10 пайызға жуығын атом электр станциялары өндіретінін ескерсек, бұл өте маңызды.

Қазақстанның ресурс әлеуетін Жапонияның атом энергетикасы саласындағы үздік технологияларымен ұштастыру осы стратегиялық саладағы тың мүмкіндіктерге, соның ішінде инновацияларды енгізуге жол ашады.

Әсіресе, ядролық қалдықтарды басқару, ядролық қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс салаларына жоғары санатты маман даярлау бағытындағы жобалар қызығушылық тудырады».

Президент: «Қазақстан Жапониямен бірлескен Next-Generation SmartMining Plus жобасының іске қосылуын құптайды»

«Орталық Азияда сирек кездесетін элементтер мен өзге де аса маңызды минералдардың мол қоры бар. Бұл әлемнің жаңа энергетикалық жүйеге көшуіне қажетті ресурс саналады.

Өңіріміз таза әрі қуат үнемдейтін өндірістерді аталған ресурстармен қамтамасыз ете алады.

Қазақстан Жапониямен қазба байлықтарды барлау, өндіру және өңдеу ісі бойынша ынтымақтастықты жандандыруға мүдделі.

Бұл ретте терең өңдеуге және орнықты өндіріс тізбегін қалыптастыруға ден қоя отырып, толыққанды өнеркәсіп кластерін құруға басымдық береміз.

Сондықтан Қазақстан Жапониямен бірлескен Next-Generation SmartMining Plus жобасының іске қосылуын құптайды. Бұл бастама өндіріс үдерісін цифрландырып, экологиялық орнықтылықты арттырады».

Мемлекет басшысы орнықты ауыл шаруашылығы саласында бірлескен зерттеу платформасын құруды ұсынды

«Еліміз ауыл шаруашылығын дамытуға айрықша мән береді.

Орталық Азияда қуатты агроөнеркәсіп кешені бұрыннан бар. Сондықтан аймақ жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқара алады.

Қазақстан Жапонияның ресурс үнемдеу технологиясына, шөлге төзімді дақылдар селекциясына, «ақылды» фермаларды дамыту тәжірибесіне қызығушылық танытады.

Осы орайда орнықты ауыл шаруашылығы саласында жапон ғалымдарының және сарапшыларының қатысуымен Зерттеу платформасын құруды ұсынамыз.

Астанада қолданбалы ғылымдар саласында ғалымдар мен зерттеушілердің алғашқы кездесуін «Орталық Азия – Жапония» форматында ұйымдастыруды ұсынамын».

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан JICA агенттігінің Орталық Азиядағы күрделі су проблемасын шешуге қосқан үлесін бағалайды»

«Ауыл шаруашылығының дамуы су қауіпсіздігімен тікелей байланысты.

Орталық Азия қазірдің өзінде су тапшылығын сезініп отыр. Соңғы жиырма жылда өңірде жан басына шаққанда сумен қамту көлемі шамамен 30 пайызға төмендеді. Оның үстіне су ресурстарының 70 пайызға жуығы – трансшекаралық.

Каспий теңізінің тартылуы алаңдаушылық туғызады, ал Арал экологиялық апаты су ресурстарын ретсіз пайдаланудың салдары қандай қайғылы болатынын көрсетті.

Қазақстан Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігінің (JICA) Орталық Азиядағы күрделі су проблемасын шешуге қосқан үлесін бағалайды әрі аталған беделді институтпен ықпалдастықты жалғастыруға ниетті».

Президент: «Жапонияның су саласын автоматтандыру және цифрландыру тәжірибесіне ерекше қызығушылық танытамыз»

Жалғасы 2-ші бетте

## 2026 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ ТАУАРЛАР КАТАЛОГЫ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда Ұлттық тауарлар каталогын қолдану міндетті болады. Ұлттық каталог – бұл тауардың цифрлық паспорты, оның құжаттар жинағы мен толық профайлы. Мұндай цифрлық база тауардың шығарылған жерінен бастап соңғы сатылымға дейінгі жолын бақылауға мүмкіндік береді. Бірыңғай тауар карточкаларын құру бизнес жұмысын жеңілдетіп, тауар ағындары бойынша мемлекеттік талдаудың сапасын арттырады және тұтынушылардың әр өнім туралы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Бұл туралы ҚР Сауда және интеграция вице-министрі Әсет Нүсіпов ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында хабарлады.

Спикер Ұлттық тауарлар каталогы не үшін қажет екенін түсіндіріп өтті. Бұған дейін түрлі мемлекеттік жүйеде әртүрлі классификатор бір мезетте қолданылып келген.

«Бұрын бірыңғай тауарлар, жұмыстар мен қызметтер тізбегі, қазақстандық тауардың сәйкестендіру нөмірі, сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы, экономикалық қызмет түрлерінің жалпы классификаторы, экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім классификаторы қолданылды. Салдарынан бір тауар кеденде, статистикада немесе мемлекеттік сатып алуда түрлі атаумен тіркелуі мүмкін еді. Мысалы, бір жүйеде тауар «күнбағыс майы» деп аталса, екінші жүйеде «өсімдік майы» деп жалпылама аталуы мүмкін, ал үшінші жүйеде «тазартылған күнбағыс майы» деген нақты атау қолданылуы ықтимал. Формалды түрде бұл үш түрлі тауар, бірақ іс жүзінде бір өнім. Мұндай бытыраңқылық қателіктерге, қайталануға, процестердің баяулауына және есеп жүргізудің қиындауына әкеп соқтырды», – деді Әсет Нүсіпов.

Оның айтуынша, Ұлттық тауарлар каталогы бұл кедергілерді толығымен жояды. Тауардың атауы, құрамы, сипаттамалары, өндірушісі туралы ақпаратты біріктіретін бірыңғай дереккөз құрылады. Біріздік NTIN (National Trade Item Number) ұлттық тауар сәйкестендіру кодын беру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл код электрондық шот-фактураларда, тауарларға арналған ілеспе құжаттарда, кассаларда, салық сервистерінде, сатып алуларда және логистикада қолданылады.

Жалғасы 2-ші бетте

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ: «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ЖАПОНИЯ» ДИАЛОГЫНЫҢ БІРІНШІ САММИТІ

(Жалғасы. Басы 1-бет-

«Су үнемдеудің озық технологияларын алмасу, ортақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және Жерді қашықтан зондтау секілді аса маңызды шаралар қамтылатын Бірлескен су шаруашылығын дамыту бағдарламасын әзірлеуге болар еді.

Қазақстан БҰҰ аясында жаһандан UN Water халықаралық ұйымын құруды ұсынды. Бұл су проблематикасымен айналысатын басқа да құрылымдардың күш-жігерін бір арнаға тоғыстырады.

Жапондық саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерін, кәсіпкерлер мен сарапшыларды келесі жылы сәуір айында Астанада өтетін Өңірлік экологиялық саммитке қатысуға шақырамыз».

Мемлекет басшысы Токионың Орталық Азия елдерімен жасанды интеллект саласы бойынша тың серіктестік орнату жөніндегі бастамасына қолдау білдірді

«Цифрлық трансформация мен жасанды интеллектіні дамыту саласында ынтымақтастық орнату өте өзекті.

Жапондық инновациялар сапа, сенімділік және жоғары технология тұрғысынан кеңінен танымал.

Қазақстан цифрлық мемлекетке айналу жолына түсті. Осы мақсатта Alem.ai. халықаралық жасанды интеллект орталығы ашылды.

Биыл еліміз американдық технологиялар базасында екі суперкомпьютерді іске қосты.

Келесі жылы өнеркәсіп, мемлекеттік сектор, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру салаларын цифрландыруға бағытталған Digital Qazaqstan стратегиясын жүзеге асыруды бастаймыз.

Осылайша, Қазақстанда жасанды интеллекті мен цифрлық технологияларды одан әрі дамыту үшін оңтайлы жағдай жасалады.

Бұл ретте біз Токионың Орталық Азия елдері мен Жапония арасында жасанды интеллект саласы бойынша тың серіктестік орнату жөніндегі бастамасын қолдаймыз.

Аталған платформаны Орталық Азиядағы ең ірі IT-стартап «Astana Hub» және қажетті инфрақұрылымы мен халықаралық экожүйесі бар Alem.ai орталығының базасына орналастыруды ұсынамыз».

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жапон университеттері мен білім орталықтарының бөлімшелерін ашуды ұсынды

«Адам капиталы – дамудың басты қозғаушы күші. Жапония бұл формуланың дұрыстығын нақты дәлелдеді. Адам, еңбекке құрмет көрсету, ұдайы жетілуге ұмтылу, өмір бойы оқу, өскелең ұрпаққа білім беру – Сіздің мемлекетіңіздің артықшылығы.

Қазақстан білім саласын белсенді дамытып жатыр. Әсіресе, шетелдік серіктестерімізбен бірге осы бағытта ауқымды жұмыс атқарылуда. Елімізде шет мемлекеттердің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдары табысты қызмет етуде.

Жапонияға Қазақстанда университеттер мен білім орталықтарының бөлімшелерін ашу мүмкіндігін қарастыруды ұсынамыз».

Бірыңғай туристік маршрут әзірлеу, виза рәсімдерін жеңілдету – Мемлекет басшысы Жапониямен туризм саласындағы ықпалдастықтың негізгі бағыттарын атады

«Орталық Азия елдерінің тарихы мен мәдени мұрасы бай, табиғаты әсем.

Бұл жапон туристерін қызықтырары сөзсіз. Қазақстан Жапониямен туризм саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге ниетті.

Жапониялық туристер үшін Орта Азияның бірыңғай туристік маршрутын әзірлеген жөн деп есептеймін. Сондай-ақ Орталық Азия елдерінің халқына визалық рәсімдерді жеңілдеткен дұрыс.

Бұл жапондық туристердің бір сапарда бірнеше елді аралап шығуына мүмкіндік береді. Ал біздің азаматтарымыз Күншығыс елімен етене таныса алады.

Жапонияны Осака қаласында ЭКСПО 2025 көрмесін табысты өткізуімен тағы да құттықтаймын.

«Көрме тақырыбын жан-жақты көрсету» номинациясы бойынша алтын жүлде иеленгендеріңізге қуаныштымыз».

Президент: «Қазақстан 2027 жылы дзюдодан Әлем чемпионатын өткізу құрметіне ие болды»

«Біз спорт саласындағы ықпалдастықты өркендетуге, ең әуелі жапонның дзюдо, сумо және кэндо секілді дәстүрлі жекпе-жек өнер түрлерін дәріптеуге әзірміз.

Қазақстан 2027 жылы дзюдодан Әлем чемпионатын өткізу құрметіне ие болды.

Бұрнағы күні мен қазақтан шыққан белгілі сумошы Кимбозан Харукимен (Ерсін Балтағұл) таныстым.

Тығыз мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз алдағы уақытта да халықтарымыз арасындағы өзара түсіністік пен достықты нығайтуға қызмет ете береді деп сенемін».

**Ақорда.**

# ТОКИОДА ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ КӘСІПҚОЙ СУМОШЫ ЕРСІН БАЛТАҒҰЛМЕН КЕЗДЕСТІ



Мемлекет басшысы Жапонияда білім алып, он жылдан бері ірі халықаралық жарыстарда көш басынан көрініп жүрген Ерсін Балтағұлды қазақстандықтар мақтан тұтатынын атап өтті.

Сонымен қатар бүгін Император Нарухитомен кездесуде балуанның жетістіктері туралы әңгіме қозғалғанын айтты.

Қазақстандық спортшының лақап аты – Кимбозан. Бұл – атақты бапкер әрі төл сумо мектебінің негізін қалаушы, ояката Кисенің туған жері Кумамото префектурасындағы таудың атауы.

**Астана.**

# 2026 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ ТАУАРЛАР КАТАЛОГЫ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

(Жалғасы. Басы 1-бет-

«2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ұлттық тауарлар каталогы Қазақстан Республикасында міндетті түрде қолданылады. Бұл бүкіл нарықтың цифрлық ашықтығын жаңа деңгейге шығарады. Маңыздысы – осы күннен бастап Қазақстан аумағында сатылатын барлық тауар, яғни импорттық тауарлар да, отандық өнімдер де бірегей NTIN кодын алуға тиіс. Тек түпкілікті өнімді өндіруге пайдаланылатын шикізат пен аралық материалдар ғана бұл талаптан босатылады», – деп мәлімдеді вице-министр.

Бүгінде шамамен 15 млн тауар қамтылған база құрылған. Бұл туралы ҚР Қаржы вице-министрі Әсет Тұрысов ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында хабарлады.

ҰТК-ға тауарларды жүктеу және түсіру үшін API сервистері іске қосылған. Бұл сервистерді бақылау-кассалық машина өндірушілері, бизнес өкілдері және фискалдық деректер операторлары пайдалана алады. Олар ҰТК-мен жұмыс істейтін барлық заңды тұлға үшін тегін.

Қазір Ұлттық тауарлар каталогын қалыптастыру аясында негізгі мемлекеттік жүйелермен интеграция жұмыстары жүргізілуде. Олардың ішінде Қаржы министрлігінің жүйелері, салық және кеден жүйелері, мемлекеттік сатып алу порталы және басқа да жүйелер бар.

«Біз көптеген өтінімдерді өңдейтін жасанды интеллект қолданамыз. Бүгінгі күні номенклатура бойынша шамамен 749 мың өтінім бар және ол модерацияда тұр», – деді спикер ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында.

ҰТК-мен жұмыс тауарларды тіркеуден басталады, мұнда жүйе пайдаланушылары тауар карточкасын толтырады. Осы кезеңде тауар карточкалары модерациядан өтеді:

• тауарды тіркеу;
• тауар карточкасын өңдеу;
• немесе тауар карточкаларын деактивациялау.

Сауда қызметінде әрі қарай қолдану үшін тауарға NTIN коды белгіленеді. Бұл код жеке тауар бірлігіне де, бір топ тауарға да беріледі. Осы кезеңде тауарларға негізгі/стандартты сипаттамалар бекітіледі.

«ҰТК дерекқорының жүйесі келесі жылдың ішінде тәжірибе негізінде қолданысқа беріледі. Біз оны бизнестің қаты-суымен номенклатураның үлкен көлемін толтырып, пысықтағаннан кейін ғана өндірістік пайдалануға енгіземіз», – деп нақтылады вице-министр.

Ол бүгінде ҰТК-да тауарлардың болмауына қатысты әкімшілік жауапкершілік жоқ екенін атап өтті.

«Бизнес арасында чек, шот-фактура, ТІК немесе декларация рәсімдей алмай қаламыз деген алаңдаушылық бар. Ешқандай бұғаттау немесе қиындық болмайды», – деді Әсет Тұрысов.

**«Айғақ»-ақпарат.**

# ҮКІМЕТ «ІСКЕР АЙМАҚ» ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ БАҒДАРЛАМАСЫН ҰСЫНДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әсіресе моно және шағын қалаларда, сондай-ақ ауылдық жерлерде шағын және микробизнесті дамытуға бағытталған «Іскер аймақ» бірыңғай бағдарламасы қаралды, деп хабарлайды Ukimet телеграм арнасы.

«Қуатты әрі бәсекеге қабілетті кәсіпкерліктің дамуы – орнықты экономикалық өсудің негізгі факторы. Өздеріңізге мәлім, жуырда Мемлекет басшысы іскерлік белсенділікті ынталандыру үшін жедел түрде шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасын қабылдауды тапсырды. Үкімет шағын және микробизнесті нақты қолдауға, өңірлердің ерекшелігін ескере отырып, өндірісті дамытуға бағытталған кешенді құжатты әзірледі», – деп атап өтті Премьер-министр.

Түркістан облысында жаңа екі су қоймасының құрылысы аяқталуға жақын

Түркістан облысында «Бәйдібек-ата» және «Қарақуыс» су қоймаларының құрылысы жалғасып жатыр. Көлемі 68 млн текше метр болатын «Бәйдібек-ата» су қоймасы Түркістан облысының Бәйдібек ауданында, Балабөген мен Үлкен Бөген өзендерінің қосылатын жерінде, жалпы аумағы 860 гектар болатын жерде салынып жатыр. Су қоймасы бөгетінің ұзындығы – 1,75 шақырым, биіктігі – 26 метр.

Бұл нысан тасқын суды жинап, вегетация кезеңінде қосымша су көлемін Бөген су қоймасына тиімді бағыттауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда жоба бойынша құрылыс жұмыстары 75 пайызға орындалған.

«Бәйдібек-ата» су қоймасынан Бөген су қоймасына су беру үшін «Сарқырама» каналы салынып жатыр. Ұзындығы 21,7 шақырым болатын бұл канал секундына 12 текше метрге дейін су өткізе алады және 2,5 мың гектар суармалы алқапты суармалы сумен қамтамасыз етеді. Бүгінде ұзындығы шамамен 21 шақырым болатын учаскеде жұмыстар толық аяқталды.

Ал көлемі 1,2 млн текше метрді құрайтын «Қарақуыс» су қоймасы Түркістан облысының Төлеби ауданында салынып жатыр. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары 90 пайызға аяқталған. Бұл нысан 500 гектар суармалы жерді сумен қамтуға мүмкіндік береді.

«Барлық жұмыс заманауи сапа стандарттарына сай жүргізіліп жатыр. Жаңа су қоймалары тасқын және еріген қар суын тиімді пайдалануға жол ашады, бұл су ресурстары азайып жатқан жағдайда аса маңызды. Қосымша суармалы алқаптарды игеруге, сондай-ақ Бөген су қоймасындағы су деңгейін қауіпсіз реттеуге мүмкіндік туады. Ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы, мал шаруашылығы мен туризмді дамытуға қолайлы жағдай жасалады. Гидрологиялық есептеулерге сәйкес, Бөген өзені арқылы орташа жылдық су ағыны 165 млн текше метрге жетеді. Сондықтан бұл суды жинап, азаматтардың қажеттілігіне бағыттау маңызды», – деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

# 85%-ДАН АСТАМ ПАЦИЕНТ ДӘРІЛЕРДІ ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСТЕР АРҚЫЛЫ АЛАДЫ

2024 жылдан бастап амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген пациенттердің 85%-дан астамы «Әлеуметтік әмиянды» қоса алғанда, цифрлық сервистерді пайдаланады. Жеке кабинеттерде барлық жазылған және алынған электронды рецепттер қолжетімді. Диспансерлік бақылауда тұрған 3,3 млн пациенттің цифрлық есебі дәрі-дәрмектерге қажеттілікті дербестендірілген жоспарлауға мүмкіндік берді. Бұл сатып алу көлемін дәлірек болжауға және тапшылық қаупітерін азайтуға мүмкіндік береді. Жеке дәріханалардың қатысуымен және бірге төлеу механизмі арқылы амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді орталықсыздандыру бойынша пилоттық жобаны іске қосуға дайындық жүргізілуде.

# ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Жаңа жыл – жаңа талап, жаңа ереже. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда салық жүйесінен бастап әлеуметтік төлемдерге дейін бірқатар маңызды өзгерістер күшіне енеді. Бұл реформалар халықтың күн-делікті өміріне, кәсіпкерлікке және мемлекеттік басқару жүйесіне тікелей әсер етеді.

### САЛЫҚ САЯСАТЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

2026 жыл ел үшін бірқатар маңызды экономикалық жаңашылдықтармен басталмақ. Әрине, қабылданатын өзгерістердің барлығы бірден сезілмейді, дегенмен олардың ықпалы уақыт өте келе қоғамның барлық саласына әсер ететіні анық.



Жаңа жылдан бастап Қазақстанда жаңартылған Салық кодексі қолданысқа енгізіледі. Бұл құжат салық жүйесін қайта қарап, оны заман талабына бейімдеуді көздейді. Соның аясында қосылған құн салығының мөлшері 12 пайыздан 16 пайызға дейін өседі. Алайда әлеуметтік маңызы бар салалар назардан тыс қалмайды. Атап айтқанда, медициналық қызметтерге қатысты салықтық жеңілдіктер сақталып, арнайы төмендетілген мөлшерлеме қолданылады.

Сонымен қатар, шағын бизнес пен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін салық салу шарттары әртарапталандырылады. Бұл санаттағы кәсіпкерлер үшін есеп беру рәсімдері жеңілдетіліп, құжат айналымы қысқарады. Енді салық төлеу үдерісін мобильді қосымшалар арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі кеңейеді.

Корпоративтік табыс салығы да сала ерекшелігіне қарай өзгеше белгіленбек. Ауыл шаруашылығы, әлеуметтік сала, банк секторлары мен ойын бизнесі үшін жеке-жеке мөлшерлемелер қарастырылған. Бұған қоса, салық органдары қаржы айналымының ашықтығына ерекше мән бермек. Яғни, банк карталары арқылы түсетін қаражаттың тұрақтылығы мен заңды көзі бақылауға алынады. Бұл талап кәсіпкерлерге ғана емес, қарапайым азаматтарға да ортақ. Жеке мақсаттағы түсімдер – жалақы, дивидендтер немесе туыстардан келген қаржы нақты ажыратылуы тиіс.

### ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАРҒА ЖЕҢІЛДІКТЕР

Бұл бағыттағы өзгерістерге қатысты ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Ерлан Сағынаев өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін 4 пайыздық бірыңғай минималды төлем енгізілгенін атап өткен болатын. Аталған төлемнің құрамына жеке табыс салығы кірмейді, яғни бұл санаттағы азаматтар үшін ЖТС мөлшері нөлге теңестіріледі. Бірыңғай төлем аясында міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары біріктіріледі. Сонымен қатар, салық есептілігінің нысандары 30 пайызға қысқарып, декларацияларды салық төлеушінің келісімімен автоматты түрде толтыру мүмкіндігі қарастырылған. Жоспарлы салық тексерулерінен бас тартылып, енді бақылау тек тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде жүргізіледі.

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Сарапшылардың пікірінше, жаңа салық талаптарының нәтижесінде кейбір тауарлар мен қызмет түрлерінің бағасы сәл өсуі мүмкін. Дегенмен, бұл өзгерістердің есесіне шағын және орта бизнеске түсетін әкімшілік жүктеме азайып, салық төлеу тәртібі анағұрлым жеңілдейді. Жалпы алғанда, салық жүйесіндегі жаңартулар мемлекеттік бюджеттің тұрақты кірісін қамтамасыз етіп, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру мүмкіндігін арттырады. Ал бұл өз кезегінде зейнетақы мен жәрдемақыларды ұлғайту арқылы халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға жол ашады.

### ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ЖӘНЕ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ

Кез келген отбасы үшін күнделікті тұрмыста ең өзекті мәселелердің қатарында жалақы көлемі, әлеуметтік жәрдемақылар, баға тұрақтылығы мен қызметтердің қолжетімділігі тұратыны анық. Осы тұрғыдан алғанда, 2026 жылдан бастап әлеуметтік төлемдердің артуы мен мемлекеттік қолдаудың күшеюі көптеген азаматтың тұрмысын жеңілдетуге бағытталған маңызды қадам болмақ. Сонымен қатар, қызметтердің цифрландырылуы құжат жинау мен ұзақ кезек күтуді азайтып, адамдардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Келесі жылдан бастап айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) жаңаруы әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылардың мөлшеріне тікелей әсер етеді. Зейнетақы, мемлекеттік жәрдемақылар және өзге де әлеуметтік көмектердің көлемі ұлғайып, әсіресе табысы төмен, әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтар үшін нақты қолдау көрсетіледі. Бұл өзгерістер халықтың өмір сүру деңгейін сақтап қана қоймай, оны біртіндеп жақсартуға ықпал етпек.

### ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫ ИНДЕКСТЕЛЕДІ

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылар 10,5 пайызға индекстеледі. Бұл жаңалық 2,6 миллионнан астам зейнеткерге және 2,3 миллионға жуық жәрдемақы алушыға тікелей қатысты. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2026 жылы әлеуметтік төлемдерге 6,8 трлн теңге қарастырылған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 860,5 млрд теңгеге артық. Оның ішінде:

• 622,6 млрд теңге – зейнетақы мен жәрдемақылардың мөлшерін арттыруға,

• 237,9 млрд теңге – алушылар санының көбеюіне байланысты бағытталады.

### АЕК ӨСЕДІ, ЖАЛАҚЫ САҚТАЛАДЫ

Жаңа жылдан бастап есептік көрсеткіштер де жаңарады. Парламент бекіткен 2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджетке сәйкес:

• ең төменгі жалақы – 85 000 теңге деңгейінде сақталады;

• айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 4 325 теңге болып белгіленді.

(2025 жылы бұл көрсеткіш 3 932 теңге болған.)

АЕК-тің өсуі әлеуметтік төлемдермен қатар, түрлі мемлекеттік алымдар мен есептеулердің де қайта қаралуына негіз болады.

### ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛЕДІ

2026 жылдан бастап Қазақстанда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі жаңаша форматта жұмыс істей бастайды. Енгізілетін өзгерістер, ең алдымен, жұмыссыздыққа байланысты төлемдерге, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан берілетін жәрдемақыларға және оларды алу тәртібіне қатысты болмақ. Нәтижесінде, әлеуметтік төлемдерді кім, қандай жағдайда, қандай мерзімге және қандай көлемде алатыны жөніндегі талаптар қайта қаралады.

Бұл жаңашылдықтардың негізгі мақсаты – әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтарды неғұрлым тиімді қорғау. Әсіресе, табыс көзінен айырылған, өмірлік қиын жағдайға тап болған немесе денсаулығына байланысты еңбек ету мүмкіндігі шектеулі адамдарға көрсетілетін көмектің сапасын арттыру көзделіп отыр. Сонымен қатар, жәрдемақы тағайындау тетіктері оңтайландырылып, құжат қабылдау мен рәсімдеу үдерісі біртіндеп цифрлық форматқа көшіріледі. Бұл азаматтар үшін бұрынғыдан әлдеқайда қолайлы болмақ.

Жалпы алғанда, қабылданатын өзгерістер әлеуметтік сақтандыру жүйесін заман талабына сай жаңғыртып, төлемдердің әділ әрі ашық тағайындалуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ еңбек нарығындағы тұрақтылықты нығайтуға бағытталған.

### МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ БІРЫҢҒАЙ ПАКЕТІ ЕНГІЗІЛЕДІ

2026 жылғы маңызды жаңалықтардың бірі – медициналық көмектің бірыңғай пакетін іске қосу. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың айтуынша, бұл бастама әлеуметтік маңызы бар ауруларды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді және мемлекет кепілдік беретін медициналық қызметтердің аясын кеңейтеді.

Бірыңғай пакет медициналық қызмет көрсету жүйесін барынша айқын әрі қолжетімді етіп, қызметтердің қайталануына жол бермейді. Сонымен қатар, бұл қадам денсаулық сақтау саласының қаржылық тұрақтылығын нығайтып, азаматтардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне белсенді қатысуына серпін береді.

### МӘМС ЖАРНАЛАРЫН ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ



Министрдің мәліметінше, қаржылық тұрақтылықты сақтау мақсатында 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап МӘМС жарналарын есептеу үшін қолданылатын база шегін ең төменгі жалақының 10 еселенген мөлшерінен 50 еселенген мөлшеріне дейін ұлғайту ұсынылып отыр. Бұл өзгеріс шамамен 508 мың жалдамалы қызметкер мен олардың жұмыс берушілеріне әсер етеді.

Сонымен қатар, маңызды жаңалықтардың бірі – жұмыссыз азаматтар үшін медициналық сақтандыру жарналарының жергілікті бюджет есебінен төленуі. Яғни, ресми түрде жұмыссыз ретінде тіркелген, зейнетақы жарналарын үш айдан астам уақыт төлемеген, әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар, мүгедектігі бар адамдар және оларға күтім жасайтын ата-аналар үшін МӘМС жарналары ай сайын бюджеттен өтеледі.

### ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛҒАН АЗАМАТТАРҒА ҚОЛДАУ САҚТАЛАДЫ

Бұдан бөлек, ресми түрде жұмыссыздан айырылған азаматтарға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жәрдемақы төлеу тәртібі сақталады. Бұл төлем түрі соңғы 24 айдың ішінде кемінде 6 ай әлеуметтік аударымдар жасаған азаматтарға қолжетімді болады.

Жалпы, 2026 жылдан бастап енгізілетін бұл өзгерістер әлеуметтік қорғау жүйесін күшейтіп, медициналық және қаржылық көмекке мұқтаж азаматтарға тұрақты қолдау көрсетуге бағытталған. Сонымен қатар, реформалар халықтың өмір сүру сапасын арттыруды көздейді. Қорытындылай айтқанда, қолға алынған бастамалар біртұтас жүйе ретінде мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған. Еңбек етіп жүрген азаматтар еңбек нарығында қорғалса, әлеуметтік қолдауға зәру жандар мемлекеттің нақты қамқорлығын сезінеді. Бұл өз кезегінде ел экономикасының тұрақтылығын сақтауға және әлеуметтік міндеттемелердің ұзақ мерзімді орындалуына негіз қалайды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та өз Жолдауларында салық және әлеуметтік саясаттағы өзгерістердің басты мақсаты – тек мемлекеттік міндеттерді орындау емес, азаматтардың өмір сапасын арттыру екенін бірнеше рет атап өткен болатын.

Осы реформалар арқылы Қазақстан 2026 жылдан бастап «әлеуметтік мемлекет» қағидатын одан әрі нығайтып, халыққа нақты қолдау көрсететін, әділетті әрі болашағына сенімді қоғам қалыптастыруға қадам басады.

### 2026 ЖЫЛДАН 48 ЖАҢА БЕЙІНДІ БӨЛІМШЕ ҚҰРЫЛАДЫ

Денсаулық сақтау министрлігінде облыстық ауруханаларды ауқымды жаңарту мәселесі қаралды. 2026 жылдан бастап Қазақстанда мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында облыстық стационарларда бейінді бөлімшелердің барлық жерде ашылуы басталады.

2026-2028 жылдардың ішінде еліміздің 17 өңірінде барынша талап етілетін:

кардиология, гастроэнтерология, пульмонология, эндокринология, ревматология және гематология сияқты бағыттар бойынша көмек көрсетуге бағдарланған 48 жаңа бейінді бөлімше құрылатын болады.

Барлығы 906, оның 400-ге жуығы балаларға арналған төсек ашу жоспарлануда, бұл ересектер мен балалар үшін мамандандырылған көмекке қолжетімділікті едәуір кеңейтуге мүмкіндік береді.

2026 жылы мамандандырылған медициналық көмекке қажеттілігі жоғары өңірлерде – Ұлытау, Қызылорда, Қостанай және Жетісу облыстарында 25 бейінді бөлімше жұмысын бастау жоспарлануда.

Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігі бейінді қызметтердің қаржылық тұрақтылығын нығайту жөнінде шаралар қабылдауда. Ағымдағы жылы медициналық көмек көрсету тарифтерін:

* пульмонология бойынша – 75%-ға;

* ревматология бойынша – 24%-ға көтеру туралы шешім қабылданды.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап тағы:

кардиология, нефрология, гастроэнтерология, эндокринология сияқты төрт негізгі ересектер мен балалар бейіні бойынша тарифтерді шамамен 50%-ға көтеру жоспарлануда.

Осы шараларды іске асыру:

* мамандандырылған медициналық көмектің сапасын арттыруға;

* бейінді бөлімшелерді қаржыландыруды жақсартуға;

* медицина қызметкерлерінің уәждемесін күшейтуге;

* жалпы облыстық стационарлар деңгейінде терапиялық буынды нығайтуға мүмкіндік берді.

2026 жылы стационарлық медициналық көмекті қаржыландыру 8%-ға ұлғайтылады және шамамен 700 млрд теңгені құрайды.

Осылайша, ересектер мен балаларға арналған облыстық стационарларды жаңарту шеңберінде халықтың нақты қажеттіліктеріне бағдарланған өңірлерде уақтылы, сапалы және қолжетімді медициналық көмек алу үшін жағдайлар жасалады.



**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

## ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН ТАНЫМАЛ ТҰЛҒАЛАР

*Қазақтың әйгілі ақыны, сазгер* **Біржан сал Қожағұлұлы**

*Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, ХХ ғасырдың Гомері, жырау, жыршы* **Жамбыл Жабаев**

*Ойшыл, этнограф, тарихшы, философ* **Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы**

*Ақын, философ, тарихшы, композитор* **Шәкәрім Құдайбердіұлы**

*Ақын, аудармашы*
**Тұрмағамбет Ізтілеуұлы**

*Қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қураушы, қоғам, мемлекет қайраткері. Қазақстан жазушылар одағының негізін қалаушысы*
**Сәкен Сейфуллин**

*Мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист*
**Сұлтанбек Қожанов**

*Түркістандағы түркі халықтары ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, ғалым, публицист, тарихшы, дипломат* **Тұрар Рысқұлов**

*Драматург, прозаик, фельетонист, аудармашы және қоғам қайраткері. Қазақстан жазушылар одағының тұңғыш төрағасы*
**Іляс Жансүгіров**

*Қазақтың көрнекті жазушысы, ақыны, драмашысы* **Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин**

*Қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, дирижер, Қазақстанның халық әртісі, өнертану ғылымының докторы, профессор, академик* **Ахмет Жұбанов**

*Композитор, Қазақ КСР халық әртісі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты* **Латиф Хамиди**

*Кеңес Одағының* Батыры
**Қарсыбай Сыпатаев**

*Қазақстанның Халық қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушысы, әйгілі партизан*
**Қасым Қайсенов**

*Күйші, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері*
**Төлеген Момбеков**

*Гигиенист-нутрициолог ғалым, медицина ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ тағамтану академиясының президенті*
**Төрегелді Шарманов**

*Композитор, Қазақстанның халық әртісі (1991), Қазақстанның Еңбек Ері* **Шәмші Қалдаяқов**

*Қазақстандық жазушы, драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның Еңбек Ері*
**Дулат Исабеков**

*Қазақ ақыны, Қазақстанның Еңбек Ері* **Мұхтар Шаханов**

*Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері* **Төлен Әбдік**

*Таэквондодан қара белбеу 6 дан иегері, ҚР таеквондо (WTF) федерациясының негізін қалаушы, халықаралық дәрежедегі жаттықтырушы*
**Мұстафа Әбдірахман (Өзтүрік)**

*Әнші, профессор, ҚР халық әртісі* **Нағима Қабылқызы Есқалиева**

*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының және Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының иегері, ҚР жазушылар Одағының төрағасы болған* **Ұлықбек Есдәулет**

*Эстрада әншісі. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері*
**Жеңіс Ысқақова**

*Әнші, композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мәдениет саласының үздігі*
**Ұлықпан Жолдасов**

*Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері. Дарын мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Құрмет орденінің иегері*
**Алтынай Жорабаева.**

*Қазақстанның Эстониядағы елшісі* **Алтай Көлгінов**

*Әнші, музыкант, камералық композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Қазақстан тұңғыш президенті қоры сыйлығының лауреаты* **Біржан Хасанғалиев**




## 2026 – ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ

Жылқы жылы — шығыс күнтізбесі бойынша 12 жылда бір келетін, қозғалыс, даму, тәуелсіздік пен табандылықты білдіретін мүшел есебінің 7-ші жылы, келесі Жылқы жылы 2026 жылы (қызыл отты Жылқы жылы) басталады. Жылқы жылына жататын жылдарға 1930, 1942, 1954, 1966, 1978, 1990, 2002, 2014, 2026, 2038 жылдар кіреді.

Жылқы жылының сипаттамасы:

**Символы:** Қозғалыс, еркіндік, тәуелсіздік, табандылық.

Стихиясы (2026 жыл): Қызыл От стихиясымен бірігіп, жігер, құмарлық пен шығармашылықты күшейтеді.

**Мағынасы:** Белсенділік, жаңғыру, шешімді әрекет етуге шақырады, бірақ эмоцияны басқаруды талап етеді.

Келесі Жылқы жылы:

**Кезең:** 2026 жылдың 17 ақпанынан 2027 жылдың 5 ақпанына дейін.

**Сипаты:** Қызыл Отты Жылқы жылы ретінде ерекшеленеді.

### 2026 ЖЫЛЫ СӘНДЕ БОЛАТЫН ТҮСТЕР

2026 жылдың басты түсі анықталды

Pantone нұсқасы бойынша 2026 жылдың басты түсі – Cloud Dancer («Бұлт биі») деп аталған бейтарап ақ реңк. Сарапшылардың пікірінше, бұл түс адамға тыныштық пен сабыр сыйлап, ішкі үйлесімділікті арттырады. Pantone-ның X әлеуметтік желісіндегі ресми жазбасында Cloud Dancer «қауырсын сияқты жеңіл, тыныштық пен айқындық сыйлайтын, шығармашылыққа шабыт беретін бейтарап ақ реңк» ретінде сипатталған. Аталған түс қарбаласқа толы заманда адамдарға тыныс алып, ойды жинақтауға мүмкіндік береді.

Ал, жыл маусымында сәнде болатын түстер:

- Жылы ақ, — тазалық пен тыныштық символы,
- Табиғи жасыл (sage green, olive) — табиғатқа жақындық
- Терең көк (midnight blue) — сенімділік пен тұрақтылық
- (‘ Металлик күміс, алтын — мерекелік көңіл күй
- Жұмсақ терракот, шабдалы реңктері — жылылық пен жайлылық.

## ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫНДАҒЫ СӘН: ТҮСТЕР, КИІМ ҮЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ АЯҚ КИІМ

Қазақтың дәстүрлі жыл санауы бойынша Жылқы жылы – қозғалыс, еркіндік, серпін мен жаңарудың нышаны. Бұл ерекшеліктер сән әлемінде де айқын көрініс табады. Жылқы жылында сән батылдыққа, табиғилыққа және жайлылыққа негізделеді.

Сәнді түстер

Жылқы жылында табиғи әрі қанық түстер алдыңғы орынға шығады. Сән мамандары төмендегі түстерді ерекше атап өтеді:

• Қоңыр, ақ сары, құм түстері – тұрақтылық пен сенімділікті білдіреді

• Жасылдың барлық реңкі – табиғатқа жақындықтың белгісі

• Көк және көгілдір – еркіндік пен кеңістікті меңзейді

• Ақ және сүт түстес реңктер – тазалық пен қарапайымдылықты көрсетеді

• Қызыл мен қызғылт-сарының жұмсақ түрлері – белсенділік пен жігердің символы

Бұл түстер күнделікті киімде де, мерекелік сәнде де кеңінен қолданылады.

Сәнді киім үлгілері

Жылқы жылындағы басты сән үрдісі – еркін пішін мен ыңғайлылық.

• Кең пішілген көйлек пен костюмдер

• Табиғи маталар: мақта, жүн, зығыр, жібек

• Ұлттық нақыштағы элементтер (өрнек, белдік, түйме)

• Қабаттап кию (layering) – заманауи әрі ыңғайлы стиль

• Спорттық және классикалық стильдің үйлесімі

Әйелдер сәнінде ұзын көйлектер, белі буылған жейделер, ал ерлер сәнінде жеңіл пиджактар мен еркін шалбарлар танымал болады.

Сәнді аяқ киім

Аяқ киім таңдауда да жайлылық пен табиғилық бірінші орында:

• Төмен өкшелі немесе өкшесіз аяқ киімдер

• Табиғи былғарыдан тігілген етік пен туфли

• Спорттық аяқ киімнің классикалық үлгілері

• Жаз маусымында – ашық сандалдар мен мокасиндер

Түстері көбіне қоңыр, қара, ақ, ақ сары және жасыл реңктерде болады.

Жылқы жылы сәні – еркін қозғалысқа, табиғи болмысқа және өз-өзіңді еркін көрсетуге бағытталған. Бұл жылы сән қуалау емес, өзіңізге жарасымды, ыңғайлы әрі сапалы киімді таңдау маңызды. Табиғи түстер мен қарапайым стиль – Жылқы жылының басты сән қағидасы.




**Әйгерім ӘМІР**

# АТАП ӨТЕР АТАУЛЫ ДАТАЛАР

**185 жыл**

Аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН;**

**180 жыл**

Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, XX ғасырдың Гомері, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы **ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ;**

**165 жыл**

Қазақтың әйгілі күйші композиторы, Қазақстанның халық әртісі **ДИНА НҰРПЕЙІСОВА;**

**160 жыл**

Мемлекет қайраткері. Алаш партиясының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы **ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ;**

**155 жыл**

Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуаны **ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙТПАСҰЛЫ;**

**135 жыл**

Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері (1949, 1971), күріш өсіруші, социалистік егін шаруашылығының даңқты шебері, колхоз құрылысының ардагері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **ЫБЫРАЙ ЖАҚАЕВ;**

**125 жыл**

қазақтың әйгілі жазушысы, ақыны, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі (1954), 1936-1937 және 1943-1952 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы **СӘБИТ МҰҚАНОВ;**

**120 жыл**

Композитор, Қазақ КСР халық әртісі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **ЛАТИФ ХАМИДИ;**

**115 жыл**

Қазақтың атақты ақыны **ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ;**

**110 жыл**

Қазақтың аса ірі ақындарының бірі **КАУКЕН КЕНЖЕТАЕВ;**

Ғалым, абайтанушы, қоғам қайраткері, жазушы, ақын, Семей қаласындағы Абай мұражайының негізін қалаушы **ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНҰЛЫ;**

Ұлы Отан Соғысына қатысушы, 8-ші Гвардиялық атқыштар дивизиясының мергені, аға сержант **ТӨЛЕУҒАЛИ ӘБДІБЕКОВ;**

**105 жыл**

Кеңес Одағының Батыры **АБЫЛАЙ ӘЛІМБЕТОВ;**

қоғам және мемлекеттік ірі қайраткер тұлға, заңгер ғалым, Заң ғылымының докторы, профессор, академик, ҚР Тұңғыш Президентінің мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері **САЛЫҚ ЗИМАНОВ**

**100 жыл**

Әйгілі опералық және камералық әнші (баритон), педагог, КСРО халық әртісі, ҚазКСР халық әртісі, профессор, қоғам қайраткері. Социалистік Еңбек Ері **Ермек СЕРКЕБАЕВ**

Ғалым, филология ғылымдарының докторы (1970), профессор (1974), Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері **ТЕМІРБЕК ҚОЖАКЕЕВ**

**95 жыл**

Мемлекет қайраткері, Қазақ КСР Мәдениет министрі, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты **ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ;**

Қазақтың лирик ақыны **Мұқағали МАҚАТАЕВ;**

Қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, тех.г.д., профессор, академик, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері **ӨМІРБЕК ЖОЛДАСБЕКОВ;**

**90 ЖАС**

Балалар хирургиясының негізін қалаушысы ғалым, м.ғ.д., профессор, академик, қазақ КСРның Еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы. ҚР Денсаулық сақтау ісінің Үздігі **КАМАЛ ОРМАНТАЕВ;**

Ақын, жазушы, лингвист-ғалым, Қазақ КСР Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, Халықаралық антиядролық "Невада-Семей" қозғалысының негізін салушысы **ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ;**

Қазақстанның халық жазушысы **ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ;**

Қазақтың жыр аққуы атанған ақын қызы. Мемлекеттік сыйлығының иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері **МАРФУҒА АЙТХОЖИНА;**

